

Индер аудандық Қоғамдық кеңесінің 2025 жыл ішінде атқарылған жұмыстары туралы ЕСЕБІ

***Құрметті аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері, кеңес отырысына
қатысушылар!***

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, 2025 жылғы 27 наурызда 11 (он бір) мүшеден құралған Индер аудандық Қоғамдық кеңесінің IV құрамы бекітілді.

2025 жылдың наурыз айынан бастап Қоғамдық кеңестің 12 (он екі) отырысы өткізілді. Оның ішінде жоспарға сәйкес 4 (төрт) мемлекеттік органның жұмысы туралы есеп тыңдалып, 9 (тоғыз) жоспардан тыс мәселе қаралды. Сонымен қатар 2 (екі) қоғамдық мониторинг жүргізіліп, 19 (он тоғыз) нормативтік құқықтық акті жобалары талқыланды.

Жоспарға сәйкес қаралған мәселелер:

Аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы А.Үсенқызының 2024 жылы атқарылған жұмыстары және 2025 жылға арналған міндеттері туралы есебі тыңдалды.

Нәтижесінде аудан әкімінің орынбасары Ә.Оразғалиевке:

- Бөдене бағытына қарай даму перспективаларын ескере отырып, 12 шақырым жердегі зираттардың болашақта кент аумағында қалып қоймау мәселесін қайта қарау;

- Аққала ауылындағы қоршалмаған зираттарды қоршауға бюджеттен қаржы қарастыру;

- Ясли-бақша салуға арналған жер телімін белгілеу ұсынылды.

Аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы А.Үсенқызына:

- Игерілмеген бос жер телімдерін түгендеу және мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын күшейту;

- Тұрғын үй салу үшін кезекте тұрған 6159 азаматтың қажеттілігін өтеу бойынша кезең-кезеңімен іске асырылатын нақты жоспар әзірлеу;

- Индербор кенті мен ауылдық округтердегі мемлекет мұқтажына алынуы мүмкін ескі, апатты ғимараттардың тізімін жасақтау;

- Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру;

- Бөлім жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік желілерде тұрақты ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

«Жолдардың сапасы, қоғамдық көлік қызметінің жай-күйі және ауданның қысқа дайындық шаралары туралы» аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ш.Габбасовтың баяндамасы тыңдалды.

Мәселе бойынша келесі ұсыныстар берілді:

- Жол құрылысы жобаларын жоспарлау кезінде экономикалық тиімділікті ескеру;

- Ауылдық округтерден аудан орталығына қатынайтын қоғамдық автобустарды ұйымдастыру;

- Автобекет салу мәселесін ауданның даму жоспарына енгізу;
- Жөндеу жұмыстарына бөлінген қаражаттың уақытылы игерілуін қамтамасыз ету;
- Жаңа жол құрылыстарында суағар жүйелерін толық қарастыру.

«Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстар туралы» аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы А.Серікқалиева мен аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы А.Үсенқызының есептері тыңдалды.

Мемлекеттік қызметтерді сапалы әрі уақтылы көрсету, қызмет алушылардың өтініштеріне жедел жауап беру, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша ұсыныстар берілді.

Жоспардан тыс қаралған мәселелер:

«КАРАТ» ЖШС-ның Индер көлі маңындағы тұз кен орнының бір бөлігін игеру туралы хабарламасы тыңдалды. Занды рәсімдер толық аяқталмағандықтан, ұсыныс берілмеді.

«Индер – Атырау» автокөлік жолының Индер ауданына қарасты 50 шақырымдық учаскесінде жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысы қаралды. Атырау облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына:

- Конкурса қатысатын мердігерлердің материалдық-техникалық және қаржылық әлеуетіне ерекше назар аудару;
- Авторлық және техникалық қадағалау талаптарын күшейту;
- Жұмыстың басталу және аяқталу мерзімдерінің сақталуын бақылау ұсынылды.

«Теміржол құрылысы Атырау» ЖШС-на:

- «Индер – Атырау» автожолының 9 шақырым бүлінген учаскесіне асфальт төсеу жұмыстарын аяқтау ұсынылды.

Индербор кентіндегі көпқабатты тұрғын үйлердің жылу жүйесіне тарифті көтеру туралы «Таңат» ПИК төрағасы Б.Ілиясовтың хабарламасы тыңдалып, тарифті заң талаптарына сәйкес тұрғындармен келісу және келісімшарт негізінде рәсімдеу ұсынылды.

«Аралтұз» АҚ-ның «Индер көлі» кен орнындағы тау-кен жұмыстары жоспары туралы мәселе қаралып, экология департаментінің ресми қорытындысы болмағандықтан, Қоғамдық кеңес ұсыныс бере алмайтыны атап өтілді.

Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөліміне Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 68-бабына сәйкес тиісті ұсыныстарды Атырау облысы бойынша экология департаментіне жолдау ұсынылды.

Қоғамдық кеңес мүшелері Индер – Атырау тасжолының Индер ауданына қарасты 50 шақырымдық бөлігінде жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының жай-күйіне мониторинг жүргізді.

Мониторинг барысында жекелеген учаскелерде жөндеу жұмыстарының уақытша тоқтап қалуына байланысты тұрғындар мен көлік қозғалысына қолайсыздықтар туындағаны анықталды.

Осыған байланысты Атырау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына:

- Бөдене ауылдық округі тұсындағы көпірге дейінгі жолдағы жөндеу жұмыстары қайта басталғанға дейін аталған учаскені уақытша көлік қозғалысына ашық ұстау;

- Құрылыс ауылдық округі тұсындағы айналма жолда жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тиісті жол белгілерін орнатып, патрульдік қызмет ұйымдастыру ұсынылды.

Индербор кентіндегі құрылысы тоқтап қалған нысандар

Қоғамдық кеңес мүшелері жүргізген мониторинг нәтижесі көрсеткендей, Индер ауданында бірқатар әлеуметтік және тұрғын үй нысандарының құрылысы белгіленген мерзімінде аяқталмай, тұрғындар арасында алаңдаушылық туғызып отыр.

Мониторинг барысында:

- Нысандардың сапасы мен мерзіміне бақылаудың жеткіліксіздігі;
- Мердігер ұйымдар тарапынан жауапкершіліктің төмендігі анықталды.

Қоғамдық кеңестің ұсыныстары:

- Құрылыс жұмыстарының ашықтығын қамтамасыз ету;
- Тоқтап тұрған барлық нысандар бойынша нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

- Нысандарды халық игілігіне мүмкіндігінше қысқа мерзімде тапсыру мақсатында бақылауды күшейту ұсынылды.

Қоғамдық кеңес отырыстарында қабылданған барлық ұсынымдар тиісті сала басшыларына жолданды.

Қоғамдық кеңес қызметі туралы ақпараттар «DENDER» қоғамдық-саяси газетінде, Қоғамдық кеңестің Facebook парақшасында, Индер аудандық мәслихат аппаратының ресми интернет-ресурсында (www.gov.kz) және «Kazkenes.kz» сайтында тұрақты жарияланып отырды.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!